



«Еуразиялық Топ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БЕКІТІЛДІ
Бас директор
С.К. Шажаханов
«31» қазан 2023 ж.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК САЛАСЫНДАҒЫ

САЯСАТ

Астана қ.
20_ж.



«Еуразиялық Топ» ЖШС

АЛҒЫСӨЗ

Әзірлеген:

(процесс обл., бөлімше)

**Құжаттың тіркеу
нөмірі:**

Бекітілген:

(негіздеме, күні)

№ бұйрық

Келесінің орнына:

(құжат №, атауы)

_____ [алғаш рет енгізілді]

Мазмұны

1. Құжаттың мақсаты.....	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
2.1 Терминдер және анықтамалар.....	4
2.2 Белгілеулер және қысқартулар.....	5
3. Талаптар.....	5
3.1 Жалпы ережелер.....	5
3.2 Биоалуантүрлілікті сақтау қағидаттары.....	5
3.3 Міндеттемелер.....	6
4. Жауапкершілік.....	7

1. Құжаттың мақсаты

Осы биоалуантүрлілік саласындағы саясат (бұдан әрі – Саясат) Топтың биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы негізгі қағидаттары мен міндеттемелерін белгілейді.

Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Топ Компаниясының ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

Осы Саясат Топ коммерциялық және өзге де қызметті жүргізетін юрисдикцияларға қарамастан, Топтың барлық Дивизиондары мен Активтеріне, қызметкерлеріне, іскерлік операцияларына қатысты қолданылады.

Осы Саясаттың талаптары Топ Компаниялары өндіретін барлық қызметтерге, өндірістік, коммерциялық және әкімшілік қызметті қоса алғанда, барлық бизнес-процестерге қолданылады.

Саясатта көрсетілмеген барлық нәрселерде Топ Компаниясының тиісті ішкі нормативтік құжаттарын және ҚР қолданыстағы нормативтік актілерін басшылыққа алу қажет.

2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

2.1 Терминдер және қысқартулар

Осы Саясатта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Топ Компаниясы - ERG немесе оған қатысты ERG бақылауды жүзеге асыратын оның тікелей және жанама еншілес компанияларының кез келгені.

ERG (ERG Тобы) – «Eurasian Resources Group S.a.r.l.» компаниясы акцияларды/қатысу үлестерін тікелей немесе жанама бақылауды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жиынтығы.

Дивизион - Бас Кеңсе құрылымына кіретін және басқарушылық мақсатта шығарылатын өнім (Хром, Темір, Көмір, Энергетика, Алюминий) негізінде активтерді шоғырландыратын бөлімше.

Актив (дивизион) - Дивизион немесе функционалды вертикаль басқаратын құрылымдық бірлік.

Бас Кеңсе – «Еуразиялық Топ» ЖШС

Стейкхолдерлер - іс-әрекеттері, мінез-құлқы немесе шешімдері Топтың Компанияларына әсер етуі мүмкін адам, тұлғалар тобы немесе жеке ұйымдар. Стейкхолдерлердің мысалдары - Топ компаниясының қызметкерлері, клиенттер, серіктестер, контрагенттер, мемлекеттік органдар, коммерциялық емес ұйымдар, Топ компаниясы қызмет ететін аймақтардағы жергілікті қауымдастықтар.

Биоалуантүрлілік - тірі организмдердің барлық көздерден, соның ішінде құрлықтағы, теңіздегі және басқа су экожүйелерінен және олар құрамына кіретін экологиялық кешендерден баламалылығы; бұған түрлер ішіндегі, түрлер мен экожүйелер арасындағы әртүрлілік кіреді. Осы нұсқаулықта біз биоалуантүрлілік дегенде компанияның әсер ету аймағында кездесетін түрлерді, мекендеу орындарын және экожүйелерді (олар ұсынатын қызметтерді қоса) білдіреміз.

Стейкхолдерлер - Компанияның, Кәсіпорындардың, ERG Тобының тікелей және жанама акционерлері, компанияның және кәсіпорындардың қызметкерлері, әл-ауқаты мен өркендеуі компания мен кәсіпорындардың қызметіне байланысты Қазақстан Республикасының азаматтары.

Техникалық тапсырма (ТТ) - Заңды құжат, Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы жобалау жұмыстарын жүргізуге арналған шартқа қосымша болып табылады және оның негізі болып табылады.

Жұмыстың тәртібі мен шарттарын, оның ішінде мақсатын, міндеттерін, қағидаттарын, күтілетін нәтижелері мен орындалу мерзімдерін айқындайды.

2.2 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы Саясатта мынадай қысқартулар қолданылады:

ІНҚ – ішкі нормативті құжат;

ESG – экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (environmental, social, governance)

БК – Бас Кеңсе.

3. Талаптар

3.1 Жалпы ережелер

Бұл Саясат биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы негізгі қағидаттарды, мақсаттар мен міндеттерді айқындайтын құжат болып табылады және Топ Компаниясының оның қызмет ететін өңірлерде қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз етудегі рөлі мен міндеттемелеріне қатысты ресми ұстанымын білдіреді.

Саясат Қоғам қызметінің биоалуантүрлілікке теріс әсерін болдырмауға және азайтуға бағытталған.

3.2 Биоалуантүрлілікті сақтаудың негізгі қағидаттары

- 3.2.1 Тендерлерді өткізу, жобаларды іске асыру және пайдалану кезеңдерінде Топтың стратегиясына биоалуантүрлілік пен табиғи байлықты сақтауды интеграциялау.
- 3.2.2 Биологиялық алуантүрлілік пен табиғи ресурстарды сақтау және ұтымды пайдалану.
- 3.2.3 Компания дивизиондарының активтері қызметінің шекараларында биологиялық алуантүрліліктің алдын алу, азайту және жағдайын жақсарту бойынша шаралар қабылдау арқылы биологиялық алуантүрлілікке қауіп төндіретін және жоғары құндылығы бар биологиялық түрлер мен тіршілік ету ортасын қорғау.
- 3.2.4 Егер биоалуантүрлілік саласындағы қызметті жүргізу процесінде тигізетін әсерлері болса, әсіресе тіршілік ету ортасы мен қорғалатын түрлерге әсер етудің өтемақысына жәрдемдесу.
- 3.2.5 Қызметкерлер мен мамандарды биоалуантүрлілік саласындағы жауапты жұмыс әдістеріне оқыту.
- 3.2.6 Биоалуантүрлілікті сақтау және қорғау мақсатында жергілікті қауымдастықтармен, қалпына келтіру орталықтарымен, ғылыми орталықтармен, әкімшілікпен және басқа да мүдделі тараптармен бірлесіп, биоалуантүрлік туралы білім мен хабардарлықты насихаттау.

Міндеттемелер

- 3.2.7 Биологиялық алуантүрліліктің жоғалуына жол бермеу мақсатына жетуге ұмтылу және оған қол жеткізу механизмдерін анықтау, сондай-ақ биоалуантүрлілікке әсерін азайту шараларын әзірлеу.
- 3.2.8 Мүдделі стейкхолдерлерге биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі Топ Компаниясының сапалық/ сандық мақсаттарын және оларды іске асыру жоспарлары туралы ақпаратты ашу;
- 3.2.9 Активтер (дивизиондар) қызметінің шекараларында биоалуантүрлілікке әсерді мезгіл-мезгіл бағалауды жүргізу. Биоалуантүрлілікке әсер етудің маңызды деңгейі бар учаскелер үшін жағдайды бағалау нәтижелері бойынша Дивизиондар биоалуантүрлілікті басқару жоспарларын әзірлейді;
- 3.2.10 Биологиялық алуантүрлілікке байланысты салдарлар мен тәуекелдерді бағалау бойынша мүдделі стейкхолдерлерге ақпаратты ашу;
- 3.2.11 Топ қызметінің активтерінің шекараларында биоалуантүрлілікке әсер ету тәуекелдерін бағалау және талдау жүргізу;
- 3.2.12 Мүдделі стейкхолдерлерге жобаның (жобалардың) түрін, орналасқан жерін және пайдаланылатын өндіру әдістерін және әрбір жоба бойынша бұзылған жер алаңын көрсете отырып, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жобалар туралы ақпаратты қалыптастыру және ашу;
- 3.2.13 Кен өндіру аяқталғаннан кейін жерді пайдалану мәселелерін қоса алғанда, пайдалы қазбаларды өндіру жобалары бойынша қалпына келтірілген учаскелер туралы (барлығы/есепті жыл) мүдделі стейкхолдерлерге есептілікті қалыптастыру және ашу;
- 3.2.14 Мүдделі стейкхолдерлерге заңмен қорғалатын және халықаралық деңгейде танылған аудандарда немесе оларға жақын жерлерде тау кен жобаларының орналасқан жері туралы хабарлау;
- 3.2.15 Дүниежүзілік мұра объектілерінің аумағында жаңа кен орындарын барлауды және игеруді жүргізбеу, заңмен белгіленген қорғалатын аумақтарды құрметтеу, сондай-ақ кез-келген жаңа операцияларды немесе қолданыстағы операциялардағы өзгерістерді осындай аумақтар бөлінген құндылыққа сәйкес болатындай етіп жобалау және жүзеге асыру.
- 3.2.16 Биоалуантүрліліктің таза шығындарының болмауына қол жеткізу үшін биоалуантүрлілік пен экожүйе қызметтерінің тәуекелдері мен әсерлерін салдарын жұмсарту иерархиясын жүзеге асыру арқылы бағалау және жою
- 3.2.17 Қоршаған ортаны қалпына келтіру нәтижесінде биологиялық алуантүрлілікке елеулі әсердің ықтимал төмендеуі туралы ақпаратты ашу;
- 3.2.18 Мүдделі стейкхолдерлерді Топтың ірі инвестициялық жобалары көрсететін биологиялық алуантүрлілік үшін елеулі жағымсыз салдарлар туралы хабардар ету;
- 3.2.19 Биологиялық алуантүрлілікке байланысты мақсаттар мен міндеттемелерді іске асыруға жәрдемдесу мақсатында мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру.
- 3.2.20 Тау-кен өндіру саласындағы салалық бастамаларға және (немесе) орнықты дамуға ықпал ететін стандарттарды әзірлеу жөніндегі бастамаларға қатысу;

- 3.2.21 Мүдделі стейкхолдерлерді биологиялық алуантүрлілікке байланысты Топ Компаниясының мақсаттары мен міндеттемелерін іске асыруға жәрдемдесу мақсатында қоғамдық ұйымдармен әріптестік туралы хабардар ету.
- 3.2.22 Техникалық тапсырмалардағы және жобалау кезіндегі талаптарды ескеру.
- 3.2.23 Топ активтері бар өңірлерде жергілікті стейкхолдерлермен биологиялық алуантүрлілікті сақтау жөніндегі жобаларды қолдау және іске асыруға қатысу.

4. Жауапкершілік

Осы Саясаттың талаптарын бұзғаны үшін биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы нормалар мен талаптарды сақтау процесіне тартылған Топ Компаниясының қызметкерлері қолданыстағы заңнамада және Топ Компаниясының ішкі құжаттарында белгіленген тұрғыда тәртіптік жауаптылықта болады.

Топ Компанияларының Қоршаған ортаны қорғау бөлімшелері осы Саясаттың орындалуын бақылауға жауапты болып табылады.



«Еуразиялық Топ» ЖШС

Өзгерістерді тіркеу парағы

өзгеріс №	Өзг.бекітілген күні	Өзгертілген тармақ/тармақша/тарау	Бет саны*

ЕСКЕРТПЕ. 1)* «Парақтар саны» бағанында өзгерістер енгізілгеннен кейін құжаттың нақты көлемі көрсетіледі.

Құжаттың күшін жою / ауыстыру туралы мәліметтер:

Жойылған құжат		Қайта шығарылған құжат	
күшін жою күні	негіздеме	атауы	енгізілген күні